

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының "Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 156 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 392. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 6 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2035. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 385 (V032591) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының ипотекалық бағалы қағаздар рыногын дамыту және бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының "Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 156 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) атауындағы "тәртібі туралы" ережені" деген сөздер "ережесін" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "тәртібі туралы" ереже" деген сөздер "ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Облигациялар шығарылымын тіркеу және өтеу тәртібі туралы ережеде:

атауындағы "тәртібі туралы" ереже" деген сөздер "ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын;

Ереженің мәтіні бойынша түрлі септіктегі "Осы Ереже" деген сөздер тиісті септіктегі "Осы Ережелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ алынып тасталсын;

6 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, ипотекалық банктік заем (кредит) шарттары бойынша талап ету құқықтарының кепілі және/немесе осындай шарттар бойынша ипотекалық куәліктер кепілі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредиттер бойынша қамтамасыз ету

ретінде қабылдауы мүмкін бағалы қағаздар және ақша кепілі ипотекалық облигациялар шығарылымын қамтамасыз ету болып табылады.

Ипотекалық облигациялар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын кепілдің құны ипотекалық банктік заем (кредит) шарттары бойынша негізгі борыш қалдығының сомаларынан, кепіл заты болып табылатын ақшадан, сондай-ақ номиналдық құннан (купондық борыштық бағалы қағаздар бойынша) не сатып алу бағасынан (дисконттық борыштық бағалы қағаздар бойынша) тұрады. Мұндайда ақша және бағалы қағаздар кепілі ипотекалық облигациялар шығару және орналастыру кезінде ипотекалық облигацияларды қамтамасыз ету болып табылатын кепілдің құрамына енгізіле алмайды, ал айналыс процесінде ипотекалық облигацияларды қамтамасыз ету ретінде ұсынылған, кепілге салынған ақша мен бағалы қағаздардың құны кепілдің жалпы құнының кемінде 20% - і н к ұ р а у ы к е р е к . " ;

төртінші абзац "ипотекалық облигациялар бойынша кепілді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

21-1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) егер жаңа шығарылымның облигациялары ипотекалық болып табылса,";

көрсетілген Ереженің қосымшаларында:

"тәртібі туралы ереженің" деген сөздер "Ережеге" деген сөзбен ауыстырылсын;

Н 1 а қ о с ы м ш а д а :

"осы Ереженің" деген сөздер "осы Ережеге" деген сөздермен ауыстырылсын;
6-тармақтағы "осы Ереженің" деген сөздер "осы Ережеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - т а р м а қ т а :

"бухгалтерлік баланстармен" деген сөздер "қаржылық есеп берумен" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"және облигациялар шығарылымының қамтамасыз етілгендігі туралы аудиторлық қорытындымен расталған" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қаржылық есеп беру аудиторлық есеппен расталады.";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қамтамасыз етілген облигацияларды (ипотекалық облигацияларды қоспағанда) мемлекеттік тіркеу кезінде - аудиторлық есеп не облигациялар шығарылымының қамтамасыз етілгендігін және ақшалай бағалауды растайтын мүлікті бағалау туралы есеп.";

Н 2 қ о с ы м ш а д а :

16-тармақтың бірінші және екінші абзацтары алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Ипотекалық облигациялар шығару кезінде эмитент жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген, ипотекалық банктік заем (кредит) шарттары бойынша талап ету құқықтарының кепілі және/немесе осындай шарттар бойынша ипотекалық куәліктер кепілі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылдауы мүмкін бағалы қағаздар және ақша кепілі шартының (шарттарының) олардың мемлекеттік тіркелгендігі туралы белгісімен қоса көшірмесін (көшірмелерін) ұсынады".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күннен кейін күшіне енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар нарығын реттеу департаменті (Шалғымбаева Г.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы